



**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**  
(Қазақстан Республикасы, А26МЗК5, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40-үй)

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ  
АКЦИОНЕРЛЕРІ ҮШІН АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) 2024 жылғы 25 сәуірде өткен Банк акционерлерінің сырттай дауыс беру арқылы жылдық жалпы жиналысында Банктің 2023 жылғы қызметінің қорытындылары бойынша Банктің жай акциялары (ISIN KZ000A0LE0S4) бойынша дивидендтер төлеу жөнінде қабылданған шешімі туралы хабарлайды:

бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері: 25,43 теңге;  
дивидендтерді төлеу басталатын күн: 2024 жылғы 3 маусым;  
дивидендтерді төлеу тәртібі және нысаны:

2024 жылғы «15» мамыр күнінің басындағы жағдай бойынша (00 сағат 00 минут) (Алматы қаласының уақыты бойынша) дивиденд алуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалатын күн;  
дивидендтерді төлеу нысаны – қолма-қол ақшасыз.

Банк акционерлеріне төленуге тиісті дивидендтер сомасы 277 397 404 056,36 теңгені құрайды.

Құрметті акционерлер, Банк акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде сіздің жаңартылған деректемелеріңіз туралы мәліметтер болмаған жағдайда, дивидендтерді алу үшін сізге:

1) «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ға (бұдан әрі – Орталық депозитарий) тиісті құжаттарды ұсына отырып, Банк акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті (оның ішінде банк шотының деректемелері туралы) мәліметтердің өзгергені туралы мынадай мекенжайлар бойынша:

Қазақстан Республикасы, 050040/А15Р5В5, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8 үй, 163-тұрғын емес үй-жай (байланыс телефоны: 8 (727) 355 47 60, 262 08 46);

немесе «Қазпочта» АҚ офистерінде орналасқан трансфер-агент офистеріне; және (немесе)

2) олардың тізбесі мен мекенжайлары <https://halykbank.kz/about-bank/akcioneram> (орыс тілінде), <https://halykbank.kz/kz/about-bank/akcioneram> (қазақ тілінде) және <https://halykbank.kz/en/about-bank/akcioneram> (ағылшын тілінде) сілтемелері бойынша Банктің корпоративтік сайтында орналасқан Банктің Дербес сервис орталықтарына жүгіну қажет.

Бұл ретте брокерлердің клиенттері болып табылатын Банк акционерлері дивидендтер алу үшін номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі өз деректемелерін жаңарту мәселелері бойынша оларға қызмет көрсететін брокерлерге жүгінуі қажет.

Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі келесі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн өткенге дейін (2024 жылғы 24 шілдеге дейін) Банк дивидендтерді акционерлер дивиденд төлеу үшін қажетті өз деректемелерін жаңартуына қарай төлейтінін қосымша хабарлаймыз.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 23-бабының талаптарына сәйкес Банкте немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтердің болмауына байланысты есептелген, бірақ төленбеген дивидендтерді Банк заңнамада белгіленген мерзімдерде талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін Орталық депозитарийде ашылған шотқа аударатын болады. Осылайша, тиесілі дивидендтерді алмаған жағдайда, Банк акционерлері **2024 жылғы 31 шілдеден кейін** Банктің жай акциялары бойынша есептелген дивидендтерді алу үшін Орталық депозитарийге жүгінуі қажет.

**Олардың базалық активтері «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның жай акциялары болып табылатын Жаһандық Депозитарлық Қолхаттардың (бұдан әрі – ЖДҚ) иеленушілері үшін арнайы ескерту:**

ЖДҚ ұстаушыларына дивидендтер төлеу рәсімі туралы ақпаратты The Bank of New York Mellon-да, 240 Гринвич-стрит, 8-қабат, Нью-Йорк NY, 10286 U.S.A. (бұдан әрі - Депозитарий) алуға болады.

Қосымша ақпарат алу үшін ЖДҚ иеленушілері Депозитарийге хабарласа алады:

Даскал Мира ханым, телефоны: +1 212 815 5021, электрондық поштасы: [mira.daskal@bnymellon.com](mailto:mira.daskal@bnymellon.com)

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу мәселелері бойынша қосымша ақпарат алу үшін Банк акционерлері Топ капиталын басқару департаменті қызметкерлерінің мына байланыс телефондарына хабарласа алады: +7 727 330 12 07, +7 727 244 76 94, +7 727 259 03 04, +7 727 330 15 46, +7 727 259 05 99.

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ**